



I және II санаттағы объектілерді өндірістік экологиялық бақылау, ішкі есепке алуды жүргізу, өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша мерзімдік есептерді қалыптастыру және ұсыну бағдарламасын әзірлеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 шілдедегі № 250 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 15 шілдеде № 23553 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 185-бабының 3-тармағына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес I және II санаттағы объектілерді өндірістік экологиялық бақылау, ішкі есепке алуды жүргізу, өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша мерзімдік есептерді қалыптастыру және ұсыну бағдарламасын әзірлеу қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігі Ұлттық
статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрінің
2021 жылғы 14 шілдедегі № 250
Бұйрыққа 2-қосымша

І және II санаттағы объектілерді өндірістік экологиялық бақылау, ішкі есепке алуды жүргізу, өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша мерзімдік есептерді қалыптастыру және ұсыну бағдарламасын әзірлеу қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы I және II санаттағы объектілерді өндірістік экологиялық бақылау, ішкі есепке алуды жүргізу, өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша мерзімдік есептерді қалыптастыру және ұсыну бағдарламасын әзірлеу қағидалары (бұдан әрі –Қағидалар) Қазақстан Республикасының Экология кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 185-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16 бабы 3 тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және I және II санаттағы объектілерді өндірістік экологиялық бақылау, есепке алуды жүргізуге, өндірістік экологиялық

бақылау нәтижелері бойынша мерзімді есептерді қалыптастыруға және ұсыну бағдарламасын әзірлеу тәртібін анықтайды.

2. Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен анықтамалар:

1) объект операторы – меншігінде немесе өзге де заңды пайдалануында қоршаған ортаға теріс әсер ететін объект бар жеке немесе заңды тұлға;

2) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы – өндірістік экологиялық бақылауды және қоршаған ортаның өндірістік мониторингін жүргізуге арналған басшылық құжат, ол кәсіпорын қызметінің нәтижесінде қоршаған ортаның нақты жай-күйін айқындау жөніндегі ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар кешенін білдіреді.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен анықтамалар Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

3. Кодекстің 182-бабының талабына сәйкес I және II санаттағы объектілердің операторлары өндірістік экологиялық бақылауды жүзеге асырады.

4. Өндірістік экологиялық бақылау осы Қағидалардың талаптарына және осы Қағидаларға сәйкес I және II санаттағы объектілердің операторларымен әзірленген өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын кәсіпорын басшысы бекітеді.

6. Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы мынадай ақпаратты қамтиды:

1) ластағыш заттар эмиссияларының сандық және сапалық көрсеткіштерінің және өндірістік мониторинг процесінде қадағаланатын өзге де параметрлердің (тұрмыстық және өндірістік қалдықтыр) міндетті тізбесі;

2) өндірістік мониторингтің кезеңділігі мен ұзақтығы, өлшеуді жүзеге асырудың жиілігі;

3) өндірістік мониторинг жүргізудің пайдаланылатын аспаптық және есептік әдістері туралы мәліметтер;

4) өндірістік мониторинг процесінде қадағаланатын параметрлер үшін сынамаларды іріктеу нүктелерінің қажетті саны (қоршаған орта құрамдастарының мониторингі) және өлшеу жүргізу орындары;

5) деректерді есепке алуды, талдау мен хабарлауды жүргізу әдістері мен жиілігі;

6) ішкі тексерулердің жоспар-кестесі және Қазақстан Республикасының экология заңнамасын бұзушылықтарды жою рәсімі, оған қоса олардың сақталмауына ден қоюдың ішкі құралдары;

7) аспаптық өлшеу сапасын қамтамасыз ету тетіктері;

8) штаттан тыс жағдайлардағы іс-қимылдардың хаттамасы;

9) өндірістік экологиялық бақылауды жүргізу үшін жұмыскерлердің ішкі жауапкершілігінің ұйымдық және функционалдық құрылымы;

10) өндірістік экологиялық бақылауды ұйымдастыру мен жүргізу мәселелерін көрсететін өзге де мәліметтер (табиғатты қорғау іс-шараларының жоспарлары және/немесе экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасы туралы ақпарат).

7. Өндірістік мониторинг өндірістік экологиялық бақылаудың, сондай-ақ экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасының элементі болып табылады. Өндірістік мониторингті жүзеге асыру шеңберінде операциялық мониторинг, қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингі және әсер ету мониторингі орындалады.

2 - тарау. I және II санаттағы объектілердің өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын әзірлеу тәртібі

1-параграф. I және II санаттағы объектілерді өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының мазмұны

8. Бағдарлама мынадай тәртіппен жүзеге асырылатын өндірістік қызметке сәйкес міндетті құрылымдық элементтерден тұрады:

1) объектінің атауы, бағдарламаны кіммен және қашан бекітілгені туралы ақпаратты қамтитын титул парағы;

2) кәсіпорын туралы жалпы мәліметтер осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады;

3) өндіріс және тұтыну қалдықтары бойынша ақпарат осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады;

4) шығарындылардың көздері туралы ақпарат осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады;

5) шығу көздеріндегі ластаушы заттардың шығарындыларына аспаптық әдіспен жүргізілетін мониторингі туралы ақпарат осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады;

6) есептеу әдісімен атмосфералық ауаға шығарындылардың мониторингі туралы ақпарат ұйымдастырылмаған көздерде жүргізіледі және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады;

7) кәсіпорында полигонның меншігінде қатты тұрмыстық қалдықтар болған кезде қатты тұрмыстық қалдықтар полигонында газ эмиссияларының саны мен сапасына және олардың өзгеруіне белгіленген кезеңділікпен объективті деректер алу мақсатында полигонның әрбір секциясы үшін газ мониторингі жүргізіледі. Газ мониторингі туралы мәліметтер осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады;

8) сарқынды суларды ағызу жөніндегі мәліметтер осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады;

9) әсер ету мониторингі әсер ету аймақтарындағы қоршаған ортаның жай-күйін айқындау үшін жүзеге асырылады. Атмосфералық ауаның жай-күйін бақылаудың жоспар-кестесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады;

10) су объектісіне әсер ету мониторингі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады. Жерасты суларын бақылау үшін әсер ету көзі, бақылау ұнғымаларының саны, орналасқан жері, бақыланатын заттардың тізбесі, талдау жиілігі мен әдістері, бақылау ұнғымаларының болуы көрсетіледі.

Қоршаған ортаға авариялық эмиссиялардан кейін әсер ету мониторингі әсер ету аймағының шекарасында шекті жол берілетін шоғырлану көрсеткіші алынғанға дейін жалғасады. Су объектісіне сарқынды суларды ағызу болған жағдайда, су объектілеріне және олардың су қорғау аймақтарына тұрақты байқаулар жүргізу бағдарламасы негізгі гидрологиялық фазаларға (су ағындары үшін) және негізгі гидрологиялық жағдайларға (су қоймалары үшін) сарқынды суларды су объектісіне ағызуға (шығаруға) қатысты фондық және бақылау тұстамаларындағы жерүсті суларының сапасына байқауларды жүзеге асыруды көздейді. Су объектісінің фондық және бақылау тұстамаларындағы жер үсті суларының сынамаларын алу және талдау кезеңділігі объектілер үшін сарқынды суларды бақылау мерзімдерімен ұштастырылады.

11) топырақтың ластану деңгейінің мониторингі өндірістің әсер ету аймағында жүзеге асырылады және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады;

Биоәртүрліліктің мониторингі оларды жою қаупін және өсімін молайту мүмкін еместігін болдырмау мақсатында бүкіл келісімшарттық аумақ бойынша жүргізіледі. I және II санаттағы объектілердің қоршаған ортаға әсерін бағалау шеңберінде жүргізілген табиғи ареалдардың жай-күйі және биологиялық әртүрлілікті (жануарлар мен өсімдіктер әлемі) сәйкестендіру туралы ақпарат.

12) ішкі тексерулердің жоспар-кестесін және экологиялық заңнаманың бұзылуын жою рәсімдерін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

Ішкі тексерулерді еңбек міндеттеріне қоршаған ортаны қорғау мәселелері және өндірістік экологиялық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі функциялар кіретін мамандар, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау қызметтері жүргізеді. Бақылау ішкі тексерулердің жоспар-кестесіне және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзушылықтарды жою рәсімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

9. Объект операторы Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы талаптарының сақталуын тұрақты ішкі тексеру және өндірістік экологиялық бақылау нәтижелерін экологиялық және өзге де рұқсаттардың талаптарымен салыстыру бойынша шаралар қабылдайды.

Ішкі тексерулерді функцияларына қоршаған ортаны қорғау мәселелері және өндірістік экологиялық бақылауды жүзеге асыру кіретін мамандар, сондай-ақ өндірістік экологиялық бақылауды ұйымдастыру және жүргізу үшін жауапкершілік жүктелген қоршаған ортаны қорғау қызметтері жүргізеді. Бақылау ішкі тексерулердің жоспар-кестесіне және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзушылықтарды жою рәсімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2-параграф. Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізетін объектілерге өндірістік экологиялық бақылау жүргізу тәртібі

10. Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізетін объектінің операторлары теңіз ортасына теріс әсерді болдырмау мақсатында мұз басқан теңіз акваториясындағы қысқы кезеңдегі мониторингті қоспағанда, барлық келісімшарттық аумақ бойынша қоршаған ортаға (климаттық маусымдар бойынша) жыл сайынғы өндірістік мониторинг жүргізеді.

11. Өндірістік экологиялық әсер ету мониторингін (бұдан әрі – ӨЭМ) жүргізуді оператор өндірістік операцияларды (жағалау объектілерін, құбырларды, кеме қатынасы арналарын салу, пайдалану) орындау жөніндегі өндірістік қызмет басталғаннан бастап, ал мұнай-газ кен орындарын барлық келісімшарттық аумақ бойынша игеру кезінде өндірістік қызметті жоспарлау, жүзеге асыру және объектілерді жою сатысынан бастап жүзеге асырады.

12. Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы өндірістік экологиялық мониторинг жүргізілетін және жоспарланатын жұмыс түрлерін (мұнай операцияларын) ескере отырып құрылатын станцияларда жүзеге асырылады.

13. ӨЭМ станцияларының орналасу сызбасы: дөңгелек, айқастырма тәрізді, ромб тәрізді. Станциялардың схемалары мен саны әсерге байланысты және қоршаған ортаға әсерді бағалау жобасын жасау кезінде анықталады. ӨЭМ станцияларын бақылау жармасын айқындайтын сарқынды суларды ағызу нүктесінен бес жүз метр қашықтықта міндетті орналастыру көзделеді.

Алаңдық объект үшін – станциялардың схемасы мен саны әсерге байланысты болады және қоршаған ортаға әсерді бағалау жобасын әзірлеу кезінде немесе өндірістік экологиялық мониторинг бағдарламасында айқындалады.

Станцияларда ӨЭМ жүргізілген кезде бақылау нүктелері ретінде әсер ету аймағынан тыс жеткілікті қашықта орналасқан кемінде үш станция таңдап алынады.

14. Желілік объектілерде (кұбыржолдар) ӨЭМ станциялары ортада және трассадан оңға және солға бес жүз метрде орналасқан үш ӨЭМ станциялары бойынша он километрден кейін перпендикуляр профильдерде орналастырылады. Желілік объектілерді салған кезде станциялардың орналасуы қоршаған ортаға әсер етуді бағалау жобасын әзірлеген кезде айқындалады.

15. Қоршаған ортаның авариялық ластануы туындаған кезде жер қойнауын пайдаланушы авариялық ластану туындаған күннен бастап күнтізбелік екі күннен кешіктірмей оның салдарларына ӨЭМ жүзеге асыра бастайды, ӨЭМ нәтижелерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға береді.

Қоршаған ортаның апаттық ластану салдарының ӨЭМ апат нәтижесі әсеріне ұшыраған, қоршаған ортаның барлық параметрлеріне жедел бақылауды қамтиды. Сынамаларды алу нүктелерінің орналасуы тікелей апатты шығарындылар/төгінділер көздері мен аумақтарын зерттеу нәтижелерінің негізінде сипаты мен апат ауқымын дәлелдегеннен кейін анықталады және бекітілген бағдарламада көрсетіледі.

Авариялық ластану салдарларының ӨЭМ оператор қоршаған ортаның барлық параметрлері бойынша стандартты көрсеткіштерге қол жеткізгенге дейін жүргізеді.

16. Жойылған ұңғыманың және консервациялаудағы (нүктелік нысан) ұңғыманың ӨЭМ жүргізуді оператормен жеке бағдарлама бойынша жүзеге асырады, онда: кезеңділік, көлем, параметрлер, әдістер, бақылау жиілігі мен нүктелері белгіленеді.

Жойылған ұңғыманың және консервациялаудағы ұңғыманың ӨЭМ: жыл сайын су сынамаалары мен түптік шөгінділерді (ұңғымалар сағасына жақын учаскені қоса алғанда) іріктеу жолымен жүргізіледі. Су астындағы бейнетүсірілім және ұңғыма ауданындағы учаскенің жай-күйін картаға түсіру жүргізіледі.

3-тарау. Өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша есептілікке қойылатын талаптар

17. Объект операторы ішкі есепке алуды жүргізеді, объект операторының бірінші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қоя отырып, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне электрондық нысанда өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша кезеңдік есептерді қалыптастырады және ұсынады.

18. Өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша ұсынылған есептерді қабылдау және талдау қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен жүзеге асырылады.

19. Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын орындау туралы есептің құрылымы түсіндірме жазбадан және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес есептік ақпаратты толтыруға арналған нысаннан тұрады.

Есепті ақпарат нысанын толтыру кезінде қажетті ақпарат болмаған жағдайда тиісті торкөзде және/немесе кестеде "- " (сызықша) көрсетіледі.

20. Атмосфералық ауаға шығарындыларды өндірістік бақылау есептері негізінде ақпарат талап етілетін қызмет түрлері осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ұсынылады.

21. Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркеліміне ақпарат ұсынылатын атмосфералық ауаға ластауыш заттар шығарындыларының мониторингі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес заттар бойынша жүзеге асырылады.

22. Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркеліміне ақпарат ұсынылатын сарқынды сулармен ластаушы заттардың төгінділерінің мониторингі осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес заттар бойынша жүзеге асырылады.

23. Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының орындалуы туралы есеп тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың бірінші күніне дейін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне ұсынылады.

ӨЭМ нәтижелері бойынша жылдық есептер есепті кезең аяқталғаннан кейін үш ай ішінде уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне ұсынылады.

24. Өндірістік экологиялық бақылаудың мерзімді есептеріне актілер немесе сынамалар алу хаттамалары, өндірістік экологиялық мониторингіті сынау нәтижелерінің хаттамалары қоса беріледі.

I және II санаттағы объектілерді өндірістік экологиялық бақылау, ішкі есепке алуды жүргізу, өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша мерзімдік есептерді қалыптастыру және ұсыну бағдарламасын әзірлеу қағидаларына
1-қосымша

Нысан

I және II санаттағы объектілерді өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы

1-кесте. Кәсіпорын туралы мәліметтер

Өндірістік объектінің атауы	ӘАОС (әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптауышы) коды бойынша орналасқан жері	Орналасқан жері, координаттары	Бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН)	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) бойынша қызмет түрі	Өндірістік процестің қысқаша сипаттама-сы	Деректе-мелер	Кәсіпорын-ның санаты мен жобалық қуаты
1	2	3	4	5	6	7	8

2-кесте. Өндіріс пен тұтыну қалдықтары

Қалдық түрі	Қалдықтар сыныптауышына сәйкес қалдық коды	Қалдық ұшырайтын операция түрі
1	2	3

3-кесте. Шығарындылар көздері туралы мәліметтер

№	Көрсеткіштер атауы	Барлығы
1	Шығарындылардың стационарлық көздерінің саны, барлық бірлік. олардың ішінде:	
2	Ұйымдастырылған, оның ішінде:	
	Тазарту құрылыстарымен жабдықталған ұйымдастырылған, оның ішінде:	
1)	Мониторингтің автоматтандырылған жүйесі бар көздер саны	
2)	Мониторинг аспаптық өлшеу арқылы жүзеге асырылатын көздер саны	
3)	Мониторинг есептік әдіспен жүзеге асырылатын көздер саны	
	Тазарту құрылыстарымен жабдықталмаған ұйымдастырылған, оның ішінде:	
4)	Мониторингтің автоматтандырылған жүйесі бар көздер саны	
5)	Мониторинг аспаптық өлшеу арқылы жүзеге асырылатын көздер саны	
6)	Мониторинг есептік әдіспен жүзеге асырылатын көздер саны	
3	Мониторингті есептік әдіспен жүзеге асырылатын ұйымдастырылмаған көздер саны	

4-кесте. Мониторинг аспаптық өлшеу арқылы жүзеге асырылатын ластағыш заттардың шығарылу көздері туралы мәліметтер

Алаң атауы	Өндірістің жобалық қуаты	Шығарынды көздері	Орналасқан жері (географиялық координаттары)	Жобаға сәйкес ластағыш заттардың атауы	Аспаптық өлшеулердің кезеңділігі
атауы	нөмірі				
1	2	3	4	5	6

5-кесте. Мониторинг өлшеу әдісімен жүзеге асырылатын ластағыш заттардың шығарылу көздері туралы мәліметтер

Алаң атауы	Шығарынды көзі	Орналасқан жері (географиялық координаттары)	Ластағыш заттардың атауы	Тұтынылатын шикізат/ материал түрі (атауы)
атауы	нөмірі			
1	2	3	4	5

6-кесте. Газ мониторингі жөнінде ақпарат

Полигон атауы	Полигон координаттары	Бақылау нүктелері-нің нөмірлері	Нүктелерді орналастыру жері (географиялық координаттар)	Байқаулар жиілігі	Байқалатын параметрлер
1	2	3	4	5	6

7-кесте. Сарқынды суларды төгу жөнінде мәліметтер

Әсер ету көздерінің атауы (бақылау нүктелері)	Сарқынды суларды төгу жерінің координаттары	Ластағыш заттардың атауы	Өлшеулер кезеңдігі	Өлшеуді орындау әдістемелері
1	2	3	4	5

8-кесте. Атмосфералық ауаның жай-күйін байқау жоспар-графикі

Бақылау нүктесінің (бекетінің) №	Бақыланатын зат	Бақылау кезеңділігі	Қолайсыз метеорологиялық жағдайлар (ҚМЖ) кезеңдерінде бақылау кезеңділігі, рет/тәулік	Бақылауды кім жүзеге асырады	Бақылау жүргізу әдістемесі
1	2	3	4	5	6

9-кесте. Су объектісін байқауды жүргізу графикі

№ р/б	Бақылау тұстамасы	Бақыланатын көрсеткіштер атауы	Шекті жол берілетін концентрация, текше дециметрге миллиграмм (мг/дм3)	Кезеңділігі	Талдау әдісі
1	2	3	4	5	6

10-кесте. Топырақтың ластану деңгейі мониторингі

Сынамаларды іріктеу нүктесі	Бақыланатын заттың атауы	Шекті жол берілетін концентрация, килограмм мг/кг	Кезеңділігі	Талдау әдісі
1	2	3	4	5

11-кесте. Ішкі тексерулердің және экология заңнамасының бұзушылықтарын жою рәсімдерінің жоспар-графигі

№ р/б	Кәсіпорын бөлімшесі	Жүргізу кезеңділігі
1	2	3

І және II санаттағы объектілерді өндірістік экологиялық бақылау, ішкі есепке алуды жүргізу, өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша мерзімдік есептерді қалыптастыру және ұсыну бағдарламасын әзірлеу қағидаларына
2-қосымша
Әкімшілік деректерді жинақтауға арналған нысан

Ұсынылады: қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға

Әкімшілік деректердің нысаны интернет-ресурста орналастырылған:
<https://www.gov.kz/memleket/entities/ecogeo>

Нысанның атауы: өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша есеп
Нысан индексі: ӨӘК

Кезеңділігі: тоқсан сайын, 12-кесте бойынша жыл сайын.

Есепті кезең: _____ тоқсан, _____ жыл.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: I және II санаттағы объектілердің операторлары.

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың бірінші күніне дейін, жыл сайын теңіздегі өндірістік мониторинг бойынша есепті кезеңнен кейінгі үшінші айдың бірінші күніне дейін.

1. Объект операторы жөніндегі жалпы мәліметтер

1-кесте

Р/с№	Өндірістік объектінің атауы	ӘАОС (Әкімшілік-аумақтық объектілердің сыныптауышы) бойынша орналасқан жері	Орналасқан жері, координаттары	Бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі-БСН)	ӘҚЖС бойынша қызмет түрі	Өндірістік процестің қысқаша сипаттамасы
1	2	3	4	5	6	7

1-кестенің жалғасы

Деректемелер	Объектінің санаты	Кәсіпорынның жобалық қуаты	Есепті кезеңдегі нақты қуаты	Өндірістік мониторинг бағдарламасы
8	9	10	11	12

Өндіріс және тұтыну қалдықтары.

Есептік деректер оператордың объектілерінде өндіріс және тұтыну қалдықтарының жинақталуы болған кезде ұсынылады.

2-кесте. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинақтау жөніндегі ақпарат

Қалдық түрі	Қалдық коды	Қалдықтарды жинақтау лимиті, тонна	Жинақтау мерзімі	Қалдықты жинақтау орны (орналасқан жердің координаттары)	Есепті кезеңнің басындағы қалдық, тонна	Кәсіпорындардағы қалдықтардың түзілген көлемі, тонна
1	2	3	4	5	6	7

2-кестенің жалғасы

Есепті кезеңдегі жинақтаудың нақты көлемі, тонна	Қалдықтармен операция жүргізуге берілген қалдықтардың көлемі, тонна	Қалдық берілген ұйымның БСН	Кәсіпорында операциялар жүргізілген қалдықтың көлемі, тонна	Есепті кезеңнің соңында жинақтағышта қалған қалдықтар, тонна
8	9	10	11	12

3-кесте. Өндіріс және тұтыну қалдықтарымен кәсіпорында жүргізілген операциялар. Объектінің операторы қалдықтармен операцияларды дербес, бөгде ұйымдарға бермей жүргізген жағдайда толтырылады.

Қалдық коды	Операция түрі	Операция жүргізілген қалдық көлемі, тонна	Қалдық/шикі затпен жүргізілген операциядан кейін олардың берілген көлемі, тонна	Қалдық/шикі зат берілген ұйымның БСН	Операция жүргізілгеннен кейін қалған қалдықтардың көлемі, тонна	Қалдықтардың қалған көлемімен жасалған операцияның түрі
1	2	3	4	5	6	7

4-кесте. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын көму бойынша ақпарат. Есептік ақпарат өндіріс пен тұтынудың меншікті қалдықтарын көму кезінде, сондай-ақ қалдықтардың бастапқы түрімен операция жүргізгеннен кейін қалған қалдықтарды меншікті полигонда көму кезінде ұсынылады.

Қалдық түрі	Қалдық коды	Кәсіпорындағы қалдықтардың түзілген көлемі, тонна	Қалдық көмілген орын (орналасқан жердің координаттары)	Есепті жылдың басында осы көму орнында көмілген	Қалдықтарды көму лимиті, тонна	Есепті кезеңде көмілген қалдықтардың

				ғы нақты шама	шығыстар (мың теңге)	жүргізілген жұмыстар	экологиялық әсер	
1	2	3	4	5	6	7	8	9

8-кесте. Экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасының орындалуы туралы есептік ақпарат

№	ОҚТ қолдану, нормативтерді сақтау бойынша іс-шара	Объект эмиссия көзі	Көрсеткіш (эмиссиялардың нормативтері, технологиялық нормативтер)	Жыл соңындағы нақты шама	Орындалу мерзімі	ескертпе
1	2	3	4	5	6	7

2. Өндірістік мониторинг Аккредиттелген сынақ зертханасы туралы мәліметтер

1-кесте

№	Аккредиттелген сынақ зертханасының атауы	Сынақ зертханасының аттестатының нөмірі мен мерзімі	Сынақ зертханасының аккредиттеу қолданылу саласы
1	2	3	4

Атмосфералық ауа Атмосфераның ластану көздері туралы мәліметтер (автоматты түрде толтыру)

2-кесте

	ЛЗ шығарынды ларының стационарлық көздерінің саны, бірліктің барлығы	Оның ішінде:			
	Ұйымдастырылған	Ұйымдастырылмаған	Тазарту құрылысжайларымен жабдықталған	тазартусыз	
	1	2	3	4	5
Барлығы					
есепті кезеңде шығарынды ларды жүзеге асырғандар					

Атмосфералық ауа эмиссиясының мониторингі бойынша ластағыш заттардың нақты шығарындылары (жиынтық кесте)

3-кесте

Алаң атауы	Шығарындылар көздерінің түгендеу нөмірі	Шығарынды лар көздерінің атауы	Ластағыш заттардың атауы	Белгіленген норматив	Ластағыш заттар (бұдан әрі –ЛЗ) шығарындыларының нақты көлемі
	Орналасқан жері, координаттары (бойлық пен ендік)	г/с	жылына/ тонна	г/с	жылына/ тонна

1	2	3	4	5	6	7	8	9
БАРЛЫҒЫ								

3-кестенің жалғасы

Тазартусыз атмосфералық ауаға шығарындылардың көлемі	ауланған және залалсыздандырылған ЛЗ көлемі	Нормативтен тыс шығарындылар	Рұқсат етілгендермен салыстырғанда ЛЗ шығарындыларының ұлғаюы немесе төмендеуі, % (жылына/тонна)	Ұлғаю немесе себептері
барлығы	олардың ішінде кәдеге жаратылғаны			
жылына/тонна	жылына/тонна	жылына/ тонна	г/с	жылына/ тонна
10	11	12	13	14
	0			
БАРЛЫҒЫ				

Ластағыш заттар шығарындылары мониторингінің автоматтандырылған жүйесі негізіндегі нәтижелер

Мониторингтің автоматтандырылған жүйесі орнатылған көздер жөніндегі есептік ақпарат Өндірістік экологиялық бақылау жүргізу кезінде қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесін жүргізу қағидаларында көзделген нысандар бойынша ұсынылады.

Атмосфералық ауаға ластағыш заттардың шығарындыларын өлшеу негізіндегі нәтижелер

4-кесте

Алаң атауы	Шығарынды көзі	Ластағыш заттардың атауы	атауы	нөмірі
1	2	3	4	5
БАРЛЫҒЫ				

4-кестенің жалғасы

ШЖБШ, ҚОӘБ бойынша белгіленген норматив	Нақты нәтиже	Шекті жол берілетін шығарындылардың (ШЖБШ) нормативтерін арттыру	Бұзушылықты жөніндегі іс-шаралар (мерзімдерін көрсете отырып)		
г/с	жылына/ тонна	г/с	жылына/ тонна		
6	7	8	9	10	11

Атмосфералық ауаға ластағыш заттардың шығарындыларын есептеу негізіндегі нәтижелер

5-кесте

Алаң атауы	Шығарынды көзі	Ластағыш заттардың атауы	ШЖБШ, ҚОӘБ бойынша белгіленген норматив			
	Орналасқан жері, координаттары (бойлық пен ендік)	атауы	нөмірі	г/с	жылына/ тонна	
1	2	3	4	5	6	7
БАРЛЫҒЫ						

5-кестенің жалғасы

Нақты нәтиже	Есептеу әдістемесі	Тұтынылатын шикізат/ материал түрі (атауы)	Шикізат/ материал шығысы, тонна	Жабдықтың жұмыс істеу уақыты, сағат	Шекті жол берілетін шығарынды лар (ШЖБШ) нормативтерін арттыру	
г/с	жылына/ тонна					
8	9	10	11	12	13	14

Атмосфералық ауаға әсер етудің мониторингі бойынша мәліметтер

Әсер етудің мониторингі бойынша есептілік 6-кестеге сәйкес тоқсанына бір рет мерзімді түрде ұсынылады.

Қоршаған ортаға авариялық эмиссиялардан кейін әсер етудің мониторингі бойынша есептілік әсер ету аймағының шекарасында шекті жол берілетін

Су ресурстарына әсер етудің мониторингі бойынша мәліметтер

Су ресурстарына әсер етудің мониторингі бойынша есептілік 9-кестеге сәйкес тоқсанына бір рет мерзімді түрде ұсынылады.

Су объектісіне авариялық эмиссиялардан кейін әсер етудің мониторингі бойынша есептілік әсер ету аймағының шекарасында шекті жол берілетін концентрацияның көрсеткішін алғанға дейін әрбір аспаптық өлшеудің нәтижелері бойынша тәулік сайын ұсынылады.

9-кесте

Сынамаларды іріктеу нүктелері, координаттар (бойлық және ендік)	Ластағыш заттардың атауы	Шекті жол берілетін концентрация, мг/дм ³	Іс жүзіндегі концентрация	Шекті жол берілетін концентрациялардан асып кетуінің болуы, еселігі	Бұзушылықтарды жою және экологиялық ахуалды жақсарту жөніндегі іс-шаралар (мерзімдері көрсетіле отырып)
1	2	3	4	5	6

Топырақ жамылғысына әсер етудің мониторингі бойынша мәліметтер

10-кесте

Сынамаларды іріктеу нүктелері, координаттар (бойлық және ендік)	Ластағыш заттардың атауы	Шекті жол берілетін концентрация (мг/кг)	Іс жүзіндегі концентрация (мг/кг)	Шекті жол берілетін концентрациялардан асып кетуінің болуы, еселігі	Бұзушылықтарды жою және экологиялық ахуалды жақсарту жөніндегі іс-шаралар (мерзімдері көрсетіле отырып)
1	2	3	4	5	6

Радиациялық мониторинг бойынша мәліметтер

Радиациялық мониторингке байланысты жұмыстардың барлық түрлері Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес орындалуы және оларды Қазақстан Республикасының аумағында радиоэкологиялық зерттеулер жүргізу құқығына лицензиясы бар ұйымдар орындауы тиіс.

11-кесте

Әсер ету көздерінің атауы	Белгіленген норматив (мкЗв/сағ)	Мониторингтің іс жүзіндегі нәтижесі (мкЗв/сағ)	"Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" нормативтерінен асып кету	Бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар (мерзімдері көрсетіле отырып)
1	2	3	4	5

Теңіздегі өндірістік мониторинг жөніндегі мәлімет (гидрометеорологиялық параметрлер, атмосфералық ауа, физикалық факторлар, теңіз суы, су түбі шөгінділері, гидробионттар, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі)

12-кесте

Анықталатын компоненттер	Станциялар атауы	Координаттары	Жыл маусымы	Мәліметтерді алудың қайталануы	Талдау нәтижелері	Талдауды жүргізу әдістемесі
1	2	3	4	5	6	7
Гидрометеорологиялық параметрлері						
Желдің бағыты мен жылдамдығы						
Ауаның температурасы						
Ауа райы ахуалы (атмосфералық қысым, бұлттылығы, атмосфералық жауын-шашын),						
Судың беткі қабатының ахуалы (толқынның биіктігі,ағыстың бағыты мен жылдамдығы, мұнай үлдірлері мен көбіктердің болуы)						
Атмосфералық ауа						
Күкірт диоксиді						
Азот диоксиді						
Көміртегі диоксиді						
Көмірсутектер (көмірсутегі шикізатын бұрғылау және өндіру кезінде)						
Күкіртсутегі						
Шу (колданылатын жерде)						
Теңіз суы						
Су температурасы						
Тұздылығы						
Мөлдірлігі						
Лайлылығы						

Жүзгінді заттектер						
Ерітілген оттегі						
pH						
Eh						
Биогенді элементтер(аммоний азоты, жалпы азот, нитрат азоты, нитрит азоты)						
Жалпы фосфор						
Органикалық көміртек						
Суммарлы көмірсутектері (мұнай өнімдері)						
Полиароматты көмірсутегі						
АББЗ (анионды беттік-белсенді зат)						
Фенолдар						
Ауыр металдар (Al, As, Ba, Cd, Cr, Cu, Fe, Hg, Ni, Pb, V, Zn)						
ОБТ5 (оттегіні биологиялық тұтыну)						
ОХТ (оттегіні химиялық тұтыну)						
Өзге де компоненттер						
Түптік шөгінділер						
Гранулометрлік құрамы						
тотықтырғыш - қалпына келтіргіш әлеует						
1 және 4 см тереңдіктегі температура						
1 және 4 см тереңдіктегі pH						
Органикалық көміртегінің мөлшері						
Ауыр металдар (Al, As, Ba, Cd, Cr, Cu, Fe, Hg, Ni, Pb, V, Zn)						

Фенолдар						
Көміртегі мөлшері(мұнай өнімдері)						
ПАК (полиароматты көміртегі)						
Микробиологиялық. микроорганизмдердің жалпы санын анықтау, сапрофиттер, актиноциеттер және саңырауқұлақтардың жалпы санын анықтау, микроорганизмдердің биомассасын анықтау, микроорганизмдерді анықтау, мұнайотықтыратын микроорганизмдерді анықтау						
Бентос						
Түр құрамы (түрлердің саны және тізімі)						
негізгі түрлері мен топтарының саны						
Организмдердің жалпы саны						
Жалпы биомассасы						
Түрлердің биомассасы және саны бойынша үстем болатын негізгі топтар және түрлердің саны, (зообентос түрлерінің сан жағынан басым құрамы).						
Фитопланктон						
Түр құрамы (түрлердің саны және тізімі)						
Жасушалардың жалпы саны						
Жалпы биомассасы						
Сапробтылық деңгейі						
Зоопланктон						
Түр құрамы (түрлердің саны және тізімі)						
Жасушалардың жалпы саны						

Жалпы биомассасы						
Сапробтылық деңгейі						
Су өсімдігі						
Қауымдастықтың флористикалық құрамы						
Қауымдастықтардағы түрлердің таралу пайызы						
Түптік беткі қабаттағы өсімдіктермен проективті пайыздық жамылғысы						
өсімдіктердің құрылымы (тігінен, көлденеңінен)						
өсімдіктердің өзгеру дәрежесі						
Ихтиофауна						
Гидроакустикалық зерттеулер (жалпы саны, түрлік құрамы %)						
Бимтралмен және желбезекті аулар түсімідеріндегі балықтардың түрлік құрамы						
Ихтиопланктон (түрлік құрамы, зерттеу кезеңдері-көктем, жаз),						
балық түрлері мен аулау құралдары бойынша тралмен бір рет аулау						
Сирек кездесетін және құрып кету қаупі бар балықтардың жыныстық өнімділіктері мен жынысы және жетілу кезеңінің ахуалына зерттеулер тек тіршілік кезіндегі (ультрадыбысты және морфометриялық зерттеулер),						
Балықтардың кәсіпшілік түрлері үшін (жергілікті ихтиологиялық қоғамдастықтардың көптеген, тұрақты өкілдері) балықтардың жеке биологиялық сипаттамасы (Q - жалпы массасы, q - ішек-қарынсыз дене массасы, L - балықтың жалпы ұзындығы, l - құйрық жүзу қанатынсыз балықтың ұзындығы, жынысы, жас шамасы, жетілу сатысы) жетілудің IV сатысында аналығын ұстау кезінде						

абсолютті жеке өсімталдығымен анықталады, сызықты өсу қарқыны, түрдің типтік морфологиялық әлпетінен ауытқуларының (кемтарлықтар) болуы,						
Сыртқы паразиттердің болуы, оларды оқшаулау және саны (тек қана жай көзбен көрінетін паразиттер екенін есепке алу керек),.						
Қуыс паразиттерінің болуы, олардың саны мен салмағы түрлік белгісі						
Орнитофауна						
түрлік құрамы (түрлерінің саны мен тізбесі және көпжылдық динамикасы),						
Саны (маусымдық және көпжылдық динамикасы)						
Тұратын орнының сипаттамасы мен зерттелетін аумақта орналастыру ерекшелігі						
Итбалықтар						
Итбалықтар саны (маусымдық және көпжылдық динамикасы)						
Тұратын орнының сипаттамасы мен бақыланатын аумақта орналастыру ерекшелігі						

Атауы _____ Мекен-жайы _____

Телефондары _____

Электрондық пошта мекен-жайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайды)

Басшысы немесе оның міндетін атқарушы

тұлға _____

тегі, аты және әкесінің аты (болған

жағдайды)

Өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша есеп нысанын толтыру жөніндегі түсіндірмелер, (ӨЭБ, тоқсан сайын, (жыл сайын)).

1. 1-кесте. Объект операторы бойынша жалпы мәліметтер

1-бағанда нөмір рет саны бойынша толтырылады;

2-бағанда өндірістік объектінің толық атауы көрсетіледі;

3-бағанда әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптаушының (ӘАОС) коды бойынша алаңның орналасқан жері көрсетіледі;

4-бағанда өндірістік алаңның орналасқан жері (координаттары) көрсетіледі;

5-бағанда объект операторының Бизнес Сәйкестендіру Нөмірі (БСН) көрсетіледі;

6-бағанда Экологиялық қызмет түрлерінің жалпы сыныптаушы (ЭҚЖС) бойынша кәсіпорын қызметінің түрі көрсетіледі;

7-бағанда өндірістік процестің қысқаша сипаттамасы көрсетіледі;

8-бағанда объект операторының деректемелері көрсетіледі;

9-бағанда объект санаты көрсетіледі;

10-бағанда кәсіпорынның (кәсіпорын бойынша) жобалық қуаты көрсетіледі;

11-бағанда кәсіпорынның есепті кезеңдегі нақты қуаты көрсетіледі;

12-бағанда өндірістік мониторинг бағдарламасының бекітілген жылы және нөмірі (болған кезде) көрсетіледі.

2-кесте. Өндіріс және тұтыну қалдықтары жөнінде ақпаратты объект операторлары өндірістік экологиялық бақылау бойынша есептіліктегі өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару нәтижелерін тоқсан сайын ұсынады. Есептік деректер оператордың объектілерінде өндіріс және тұтыну қалдықтарының жинақталуы болған кезде ұсынылады.

1-бағанда есептік ақпарат ұсынылатын қалдықтың түрі көрсетіледі;

2-бағанда қалдықтар сыныптаушына сәйкес қалдық коды көрсетіледі;

3-бағанда қалдықтардың лимиті көрсетіледі;

4-бағанда жинақтаудың белгіленген мерзімі көрсетіледі;

5-бағанда жинақтау орнының географиялық координаттары көрсетіледі;

6-бағанда қалдықтың есепті кезеңнің басындағы қалдық;

7-бағанда қалдықтың есепті кезеңде түзілген осы түрінің көлемі көрсетіледі;

